

**«Ақтобе облысының білім басқармасы
Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Нұрлы болашақ» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны**

БҰЙРЫҚ № 01.1-01/27

Қобда ауылы

03.09.2021 жыл

**Балабақшада психологиялық – педагогикалық
сүймелдеу қызметін ұйымдастыру туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2021--2022 оқу жылының I-жартыжылдығына Инклюзивтік практика жағдайындағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық-психологиялық консилиумды қамтамасыз етудің жүйелік және кешендік тәсілдемелерін қалыптастыру мақсатында, педагогикалық- психологиялық консилиумды (ППК) төмендегі құрамда құрылсын:

Педагогикалық-психологиялық консилиумның жетекшісі - логопед -
Омарова К.Ж.;

Педагог - психолог-Уразгулова-Садуакасова Ж.М.;

Әдіскер – Исмагамбетова Г.Г.;


Медбике – Калиева Г.Г.;

Тәрбиешілер: Торбай М.А.;

2. Мектептік педагогикалық-психологиялық консилиумның жетекшісі Омарова К.Ж.:

- 1) ППК ның жұмыс жоспарын әзірлеу;
- 2) Жалпы білім беру үдерісіндегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау үдерісін жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- 3) Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жүктелсін.

Директор:  Ж.С.Ертлеуова





БЕКІТЕМІН:
МККК «Нурлығ болашақ»
балабақшасының директоры
Ж.С.Ертлеуова
«16» қыркүйек 2021ж.

Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық консилиум туралы Ереже

1. Жалпы ережелер
 - 1.1. Психологиялық-педагогикалық консилиум (бұдан әрі - Консилиум) білім беру ұйымындағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды дамыту мен оқытудағы мәселелерді шешу және ерекшеліктерін зерттеуге кешенді ықпалды қамтамасыз ету үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары мен білім беру процесінің қатысушыларының өзара әрекеттесуінің тұрақты қызмет ететін формасы болып табылады.
 - 1.2. Консилиум өз әрекетін білім беру ұйымының ішінде ғана жүзеге асырады.
 - 1.3. Консилиум білім беру ұйымы жетекшісінің бұйрығымен құрылады және Консилиумның төрағасымен үйлестіріледі.
 - 1.4. Консилиум өз әрекетінде БҰҰ бала құқықтары туралы Конвенция, Қазақстан Республикасының әрекеттегі «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңдарды және осы Ережені басшылыққа алады.
2. Консилиум мақсаты мен міндеттері
 - 2.1. Консилиум әрекетінің мақсаты ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар, әлеуметтік және педагогикалық қауіп тобындағы балалар мен жасөспірімдер, оқыту мен мінез-құлығында қиындықтары бар балаларға олардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру мен дамыту үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру жүйесін қолдау болып табылады.
 - 2.2. Консилиум міндеттері:
 - 2.2.1. диагностикалық-консультациялық және түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін талдау барысында іске асырылатын әдістемелік қолдау;
 - 2.2.2. балалардың оқуы мен тәртібіндегі қиындықтардың сипаты мен себептерін анықтау;
 - 2.2.3. баланың әлеуетті мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін анықтау, оқыту мен тәрбиелеу процесінде жеке ықпалды қамтамасыз ету үшін тәрбиешіге/мұғалімге ұсыныстарды әзірлеу;
 - 2.2.4. ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды сәйкес топтар/сыныптарға қосу жолдарын анықтау;
 - 2.2.5. психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға ұсыну үшін оқушының дамуы, денсаулығы мен білім алу ерекшеліктері туралы қорытынды жасау;
 - 2.2.6. балаларды кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауда мамандар әрекетін ішкі үйлестіруді қамтамасыз ету;
 - 2.2.7. ата-аналар, қорғаншы мен қамқоршыларға консультациялық көмек көрсету;
 - 2.2.8. білім беру ұйымының оқытуда, дамуында және тәртібінде қиындықтары бар балалар мен жасөспірімдер туралы деректер қорын қалыптастыру және декреттелген қолжетімділікпен, құпиялықты сақтай отырып кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау, олардың қараусыздығы мен құқық бұзушылығының алдын алу мемлекеттік жүйесінің сәйкес органдардың сұранысы бойынша ақпаратты беру.
3. Консилиум жұмысының қағидалары
 - 3.1. Баланың тұлғасын құрметтеу және жағымды қасиеттеріне сүйену қағидасы.
 - 3.2. Диагностиканы барынша педагогизациялау, психологиялық және педагогикалық білімді кіріктіру қағидасы.
 - 3.3. Ақпараттың жабық болуы қағидасы. Бала тұлғасына моральдық зиян тигізбеу үшін Консилиумның қорытындысы немесе диагнозы көпшілікке жарияланбауы керек.

3.4. Өзара әрекеттестік қағидасы. Консилиумның әрбір маманы өз құзыреттілігінің аясында баланың дамуы мен жағдайын анықтау, оны ары қарай тәрбиелеу мен оқыту саласында болжамдар жасау сұрақтарын шеше

отырып, жалпы көрініске өз түсінігін енгізеді.

4. Консилиум қызметтері

4.1. Диагностикалық:

4.1.1. оқу мен тәртіптегі қиындықтарды анықтау;

4.1.2. дамудың әлеуметтік жағдайын, ұжымдағы жай-күйді зерттеу;

4.1.3. баланың әлеуетті мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтау.

4.2. Қолдаушылық:

4.2.1. қолайсыз оқу-тәрбиелік немесе отбасылық жағдайға түскен баланың мүддесін қорғау;

4.2.2. тиімді оқыту мен психологиялық-педагогикалық қолдау формаларын таңдау;

4.2.3. білім беру ұйымында оқыту жағдайында, отбасылық тәрбиелеу әдістерімен де баланың әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту бойынша шараларды анықтау және әзірлеу;

4.2.4. ата-ананың көзінде баланың мәртебесін арттыру мақсатында жүргізілетін отбасылық оналту;

4.2.5. балалардың танымдық әрекетін белсендіру, олардың ақыл-ой және сөйлеу тілдік даму деңгейін арттыру, оқу әрекетін қалыптандыру, эмоциялық- тұлғалық даму мен тәртіптің кемістіктерін түзетуді енгізетін оқу-тәрбиелік процесті әдістемелік қолдау;

4.2.6. білім беру процесінің әр түрлі қатысушыларына практикалық ұсынымдарды әзірлеу.

4.3. Тәрбиелік:

4.3.1. ерекше білім беруге қажеттілігі мен жеке мүмкіндіктері бар балаға педагогикалық ықпалдың стратегиясын әзірлеу;

4.3.2. балаға педагогикалық ұжым мен ата-ананың тәрбиелік ықпалдарын кіріктіру;

4.3.3. педагогикалық ықпалдардың сабақтастығын қамтамасыз ету.

5. Консилиум жұмысын ұйымдастыру

5.1. Консилиум отырыстары қажеттілігіне қарай жүргізіледі. Бірақ оқу жылында әр бала (ерекше білім беруге қажеттілігі мен жеке мүмкіндіктері бар үш реттен кем емес талқылануы қажет. Шұғыл жағдайларда отырыс жоспардан тыс жүргізіле алады.

5.2. Отырысты ұйымдастыру екі кезеңде жүреді.


5.2.1. 1 кезең – дайындық: консилиумға дайындықты әр қатысушыөздігінен жүргізеді; диагностикалық мәліметтерді жинақтау, жалпылау іске асырылады; алдын ала қорытындылар мен ұсыныстар жасалады;

диагностикалық мәліметтер медициналық, психологиялық, логопедиялық, әлеуметтік, педагогикалық көрсеткіштер бойынша талданады.

5.2.2. 2 кезең – негізгі: диагностика нәтижелері бойынша талқыла жүргізіледі; ұжымдық шешім, ұсыныстар жасалады; ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың дамуы, денсаулығы мен білім алу ерекшеліктері

туралы қорытынды жасалады

5.3. Талқыланған сұрақтар мен олардың шешімдері отырыстың Хаттамасында тіркеледі.



БЕКІТЕМІН:
«Нұрлы болашақ»
балабақшасының директоры
Ж.С.Ертлеуова
«5» қыркүйек 2021ж

**ПШК-ның 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА
АРНАЛҒАН
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

ППК-ның 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Психологиялық-педагогикалық консилиум

Мақсаты : Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы ауытқуларды дер кезінде анықтау, оларға психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдау көрсету жүйесін ұйымдастыру. Балалардың бейімделуін, тәрбиелеуін, түзелуін және дамуын қамтамасыз ететін қолайлы жағдайлар жасау бойынша бірлескен ұйымдастырылған іс-шараларда кеңес мүшелерінің, мектепке дейінгі мекеме педагогтарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Даму бұзылыстарын, олардың сипаты мен себептерін немесе басқа жағдайларды анықтау және ерте диагностикалау.
- Әрбір баланың мүмкіндіктеріне сәйкес түзету жұмыстарының жоспарын құру және жүзеге асыру;
- Ерекше білім қажет ететін балаларды, сондай-ақ оқуда және бейімделуінде қиындықтары бар балаларды оқу-тәрбие процесінде психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету мақсатында кешенді тексеру жүргізу.
- Психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның ұсыныстарын орындауды ұйымдастыру.
- Балабақшада педагогтар мен арнайы мамандарының ППСҚ жұмысының бағыттары бойынша өзара әрекетін ұйымдастыру.

№	Жұмыс бағыты	Мерзімі	Жауапты
1	ППМК отырысы № 1 ППМК-ның оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.	Қыркүйек	Логопед Психолог Тәрбиешілер
2	ЕББҚ балалардың логопедиялық, психологиялық педагогикалық диагностикаларын жүргізу.	Қыркүйек	ППК жетекшісі
3	Ата-аналар мен тәрбиешілердің өтініштері бойынша қосымша балалар тізімдерін әзірлеу. Балаларға психологиялық, логопедтік диагностика жүргізу.	Жыл бойы, Сұраныс бойынша	Тәрбиешілер, психолог, логопед
4	ППМК отырысы № 2 Бейімделген, жеке бағдарламаларын бекіту. Диагностика нәтижелері мен ұсыныстар.	Қыркүйек	ППК жетекшісі
5	ППСҚ отырысы № 3	Қантар	ППК жетекшісі

	<p>Бірінші жарты жылдық бойынша есеп</p> <p>Жеке жұмыс бойынша нәтижелерін талқылау. Даму динамикасы төмен балалармен жұмыстануда толықтыру, өзгерту ұсыныстары.</p>		
6	<p>ПМПК отырысы № 4</p> <p>Жылдық есеп. 2021-2022 жылғы жоспарға ұсыныстар.</p> <p>Арнайы мамандардың жылдық есебі. Түзету-дамыту жұмыстарының нәтижелері бойынша балалармен әрі қарай жұмыс жасаубойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға ұсыныстар.</p>	Мамыр	ППК жетекшісі

**«Нұрлы болашақ» балабақшасының
психологиялық-педагогикалық консилиумның
№ 1 отырыс хаттамасы**

Күні: 03.09.2021 ж.

Өтетін орны: музыкалық залы

Қатысушылар: Ертілеуова Ж.С.- меңгерушісі
Гусманова М.М.- әдіскер
Уразгулова-Садуакасова Ж.М.- педагог-психолог
Омарова Қ.Ж.– логопед
Тәрбиешілер: М.А.Торбай;
Л.Т.Байтохина;
К.Ж.Каракулова;
Г.С.Дузбанова;
З.Е.Жаксыгарина
Ш.Е.Елеманова
М.М.Гусманова
Г.М.Есеналиева
Хатшы- Торбай М.А.

Күн тәртібі:

1. Нормативтік-құқықтық құжаттамалары.
2. Пмпк мамандарының құрамын бекіту.
3. 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру.
4. ПМПК қорытындысы бар балалардың тізімін бекіту.

ППСҚ барысы:

1. Балабақша басшысы Ертілеуова Ж.С. Нормативтік- құқықтық құжаттармен таныстыру.


2. Екінші сұрақ бойынша, балабақша басшысы Ж.С.Ертілеуова ППҚ-ның ережесімен толық таныстырып, мамандарының құрамымен таныстырды: Уразгулова-Садуакасова Ж.М.- педагог-психолог, Омарова Қ.Ж.– логопед, «Ертегі» тобының тәрбиешілері М.А.Торбай, Л.Т.Байтохина, «Достық» тобының тәрбиешілері К.Ж.Каракулова, Г.С.Дузбанова, «Балдырған» тобының тәрбиешілері Н.Т.Еламанова, Р.Б.Жанабаева. «Жұлдыз» тобының тәрбиешілері Ж.Т.Жаманкулова, Н.М.Ержанова, «Күншуақ» тобының тәрбиешілері Гусманова М.М., Есеналиева Г.М. «Еркетай» тобының тәрбиешілері Елеманова Ш.Е., Жаксыгарина З.Е., Хатшы- Торбай М.А..ППСҚ -ның жетекшісі Қ.Ж.Омарова болып тағайындалсын.

3. ППк-ның жетекшісі К.Ж. Омарова жылдық жоспарымен таныстыра отырып, балабақшамызда ерекше білім қажет ететін балалармен жұмыс алгоритімі туралы мәлімет берді.

Балабақша психологі балалардың тізімімен таныстыра отырып, әр балаға жеке тоқталып ерекшеліктері бойынша түсіндіріп өтті.

Шешімі:

1. Ппк туралы ережені назарға алу.
 2. Консилиумның ұсынылған жұмыс жоспары бекітілсін.
 3. Психологиялық педагогикалық консилиумның ұсынылған құрамы бекітілсін.
- ППК төрағасы болып Омарова Қ.Ж. тағайындалсын.

ППСК жетекшісі  К.Ж.Омарова

Хатшы  М.А.Торбай

**«Нұрлы болашақ» балабақшасын психологиялық-педагогикалық
консилиумның № 2 отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Күні: 15.09.2021 ж.

Өтетін орны: музыкалық залы

Қатысушылар: Ертілеуова Ж.С.- меңгерушісі
Гусманова М.М.- әдіскер
Уразгулова-Садуакасова Ж.М.- педагог-психолог
Омарова Қ.Ж.- логопед
Тәрбиешілер: М.А.Торбай;
Л.Т.Байтохина;
К.Ж.Каракулова;
Г.С.Дузбанова;
З.Е.Жаксыгарина
Ш.Е.Елеманова
М.М.Гусманова
Г.М.Есеналиева
Хатшы- Торбай М.А.

Күн тәртібі:

1. Балаларды тексеру нәтижелері
2. Бейімделген, жеке бағдарламаларын бекіту.


Тыңдалды:

1. Балабақша психологі Уразгулова-Садуакасова Ж.М. жалпы балаларды тексеру нәтижелері бойынша есеп берді. Өр бір топтың нәтижелерін айта отырып, жеке жұмыстану туралы бір қатар кеңестер берілді. Төмен нәтиже көрсеткен балалар тізімі құрылып, түзету жұмысы жүргізілетіні туралы айтып өтті.
2. Логопед Омарова Қ.Ж. балалардың логопедтік тексеру қорытындысы бойынша сөз сөйледі. Тілдің дамуында бұзылыстар баларды атай отырып, логопедтік ұлдау жоспар бойынша өткізілетіні туралы ескертті.
3. ППК басшысы Омарова Қ.Ж. ерекше қажеттілігі бар балалардың жеке оқу бағдарламаларын оқып таныстырды. (Дюсенғалиев Д., Молдағалиев Ы., Жолдығалиева Ж., Каирғалиева П.) Бағдарламалар балалардың жас ерекшелігін, ерекше қажеттілігін ескере отырып жазылғандығын айтып, бекітті.

Шешімі:


1. Ерекше қажеттілігі бар тәрбиеленушілердің жеке оқу бағдарламалары бекітілді.
2. Балалармен жүйелі түрде, кесте бойынша жұмыс жүргізу.

ППСК жетекші:



К.Ж.Омарова

Хатшы:



М.А.Торбай

**«Нұрлы болашақ» балабақшасын психологиялық-педагогикалық
консилиумның № 3 отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Күні: 05.01.2022 ж.

Өтетін орны: музыкалық залы

Қатысушылар: Ертілеуова Ж.С. - меңгерушісі
Гусманова М.М. - әдіскер
Уразгулова-Садуақасова Ж.М. - педагог-психолог
Омарова Қ.Ж. – логопед
Тәрбиешілер: М.А. Торбай;
Л.Т. Байтохина;
К.Ж. Каракулова;
Г.С. Дузбанова;
З.Е. Жаксыгарина
Ш.Е. Елеманова
М.М. Гусманова
Г.М. Есеналиева
Хатшы- Торбай М.А.

Күн тәртібі:

1. Бірінші жарты жылдық бойынша есеп.
2. Жеке жұмыс бойынша нәтижелерін талқылау.


Тыңдалды:

1. ППК басшысы бірінші жарты жылдық бойынша қандай нәтиже бар екені туралы айтып өтті.
2. Топ тәрбиешілері жеке оқу бағдарламамен білім алып жатқан балалар туралы есептерін берді.
3. Логопед Омарова Қ.Ж. түзету дамыту бойынша есебін бере отырып, ата-аналармен жұмысына тоқталып өтті. Ата-аналарға жие баланың тіліне қатысты кеңес беруді ұсынды. Жалпы балалардың тіл дамуында жақсы өзгерістер бар екенін айтып өтті.

Шешімі:


1. Ерекше қажеттілігі балалармен жұмысты жалғастыру.
2. Ата-аналарға кеңес беру жұмысын жандандыру.

ППСҚ жетекші:



К.Ж. Омарова

Хатшы:



М.А. Торбай

**«Нұрлы болашақ» балабақшасын психологиялық-педагогикалық
консилиумның № 4 отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Күні: 23.05.2022 ж.

Өтетін орны: музыкалық залы

Қатысушылар: Ертілеуова Ж.С. - меңгерушісі
Гусманова М.М. - әдіскер
Уразгулова-Садуақасова Ж.М. - педагог-психолог
Омарова Қ.Ж. – логопед
Тәрбиешілер: М.А.Торбай;
Л.Т.Байтохина;
К.Ж.Каракулова;
Г.С.Дузбанова;
З.Е.Жаксыгарина
Ш.Е.Елеманова
М.М.Гусманова
Г.М.Есеналиева
Хатшы- Торбай М.А.

Күн тәртібі:

1. Жылдық есеп.
2. Арнайы мамандардың жылдық есебі.
2022-2023 жылғы жоспарға ұсыныстар.

Тыңдалды:

ППК жетекшісі Қ.Ж.Омарова бір жылдық есебін жалпы ата отырып, сөз кезегін арнайы мамандарға берді.

Балабақша психологы жылдық есебін бере отырып, жұмысында қандай әдістер қолданғаны туралы айтып өтті. Сонымен қатар ата-аналарға жыл бойы жеке кеңес беріліп отырылды. Осының нәтижесінде балалар ПМПК комиссиясында жақсы нәтиже көрсетіп, ПМПК диагнозы, ұсыныстары жеңілдеді.

Логопед Омарова Қ.Ж. түзету коррекциялық жұмысының барысында балаларға дұрыс тыныс алуға арналған жаттығулар, артикуляциялық жаттығулар, ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар т.б. жыл бойы өткізді. Сонымен қатар ойын технологиясын қолдана отырып балалардың коррекциялық жұмысқа деген қызығушылықтарын оятты. Жалпы логопед жұмысында оң нәтиже бар екені балалардан байқалады.

Шешімі:

1. ППК жылдық жұмысы есебін қабылдау, келесі жылға жаңа ұсыныстарды дайындау.
2. Ата-аналармен жұмысты жандандыру.

ППСҚ жетекшісі:  К.Ж.Омарова
Хатшы:  М.А.Торбай



МХКК, Ақуша бағамы, бағамдық жоспардың
 ерекше білім беруді қажет ететінге
 тәрбиешілерімізді еске алу ауырымы.

	Подоб:		Медицинские туры аккорат. Климовск, Ар- олье-Сити, Ветке Суретинград туров ИТСК, Сортолтодася Октому, Батракувильдер (Уривик, Вейшрелек, Ресе)	Секретар
<p>10 - 10 лет 70% 10 лет</p> <p>Авот Регер Андратуш 6.04.2018г.</p> <p>Хранов Тайбек Пилбекевич 10.12.2017г.</p> <p>Осанов Аннураш 9.12.2017г.</p> <p>Самбатов Радерсе экспертная 2.07.2018г.</p> <p>Ишма гизустановил Джетовна 10.07.2017г.</p>	<p>Подоб:</p> <p>„Дуншук“ орто тобот</p> <p>„Срестай“ арнас тобот</p> <p>„Видурдан“ ересек тобот</p> <p>„Нургул“ ересек тобот</p>	<p>Медицинские туры (департамент)</p>	<p>Воспитание и обучение в массовой детской сети. Занятия с логопедами, психологами</p> <p>Воспитание и обучение в одних отских садах с индивидуальными породами. Занятия с психологами, логопедами и юристами ИТСК</p> <p>Индивидуальное воспитание и обучение по заданию Фудуку Плату. Занятия с логопедами, дефектологами, психологами.</p> <p>Индивидуальное воспитание и обучение по индивидуальной программе. Занятия с логопедами, психологами, дефектологами.</p> <p>Индивидуальное воспитание и обучение одних детей от 10 месяцев до 1 года. Психологическое сопровождение детской сети. Занятия с логопедами, дефектологами, психологами.</p>	<p>д</p>

Автор - режиссер	Название	Название музыкального спектакля	Имя режиссера	Секретная
6. Мейрашвилишвили Иларияшвили 21.04.2017	"Достояк" опера модерн	-	Идея по мировой оперной традиции "Заванна" в оперном театре	
7.	Санакава-Акико Акико 04.04.2017г.	-	Иллюстративное восприятие и образы в оперных сценах. Музыкальные образы. Японская опера. Японская опера - традиционное искусство. Японская опера. Японская опера.	
1.	"Канона" опера модерн	Действующий оперный театр	Современная опера	
2.	"Канона" опера модерн	История оперы	Современная опера	
1.	"Канона" опера модерн	История оперы	Современная опера	
2.	"Канона" опера модерн	История оперы	Современная опера	
2.	"Канона" опера модерн	История оперы	Современная опера	

Тіркелген және нөмірленген 4 бетте
МКҚК «Нұрлы болашақ»
балабақшасының
Директоры Ж.С.Ертлеуова

